

Көктем аруы-2025

Тобы: «Балдырған»
«Балауса»

Тәрбиешілер: Ергашова Г
Қайранова С
Бейсова Г
Уристемова С

2024-2025 оқу жылы



«КӨКТЕМ АРУЫ 2025» САЙЫСЫ

Зал іші мерекеге сай безендірілген. Өсем музыка ойналып тұрады.

Тақырыбы: «Көктем аруы 2025».

Білімділік: Қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру.

Дамытушылық: Балалардың танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, шеберлігін дамыту.

Тәрбиелік: Көпшілік алдында өзін - өзі ұстай білуге, әдептілікке, мейірімділікке, сұлулыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті өріптестер, аяулы ата – аналар, көрікті қыздар. Көктемнің алғашқы 8 - наурыз мерекесі құтты болсын!

Өмірдің иесі сен ғана ғазиз ана,

Келтірген дүниеге нелер дана.

Анасыз батыр да, жоқ ақын да жоқ,

Өмірдің алтын кілті сонда ғана.

Деп жырлағандай бүгінгі «Балдырған» және «Балауса» топ бүлдіршіндерінің «Көктем аруы 2025» қыз сыны сайысына қош келдіңіздер!

Сайыс бағдарламасы 6 бөлімнен тұрады:

1. Тегін білу тектілік. (таныстыру)

2. Өнерлі - өрге жүзер. (өз өнерлерін көрсету)

3. «Шебер қолдар» д.а. Бұл бөлімде қыздарымыз екі топқа бөлініп екі түрлі тапсырмаларды орындайтын болады. Бірінші топ қыздары құрт жасауды көрсетеді, екінші топ қыздары киіз басуды көрсетеді

4. Талаптыға нұр жауар. (үй тапсырмасы. Қолөнер)

5. Дәм – думан. Бұл бөлімде дайындап алып келген тағамды қалай жасағанын айтып қорғау.

6. Қыздарға өсемдік жарасады. (сән үлгісі)..

Қыз сыны, қыз өнері, қыз әдебі,

Тал бойына жарасқан күлкі әлемі.

Бір көріп таң қалдырмай сахнада,

Өмірде сақталсыншы бұл әдебі - деп ару қыздарымызды ортаға қошеметпен шақырайық.

Қатысушы қыздарымыз 6- қыз тұрады.

1-Мейірімді Кәусар «Балдырған» аралас тобының тәрбиеленушісі

2-Ақылды Аяла «Балауса» ересек тобының тәрбиеленушісі

3-Сымбатты Асылым «Балдырған» аралас тобының тәрбиеленушісі

4-Көрікті Медина «Балауса» ересек тобының тәрбиеленушісі

5-Сүйкімді Аяла «Балдырған» аралас тобының тәрбиеленушісі

6-Шұғылалы Рауана «Балауса» ересек тобының тәрбиеленушісі

Жүргізуші: Өнерпаздар өнерін салыстырып,

Бөйге үшін терлетер шабыстырып.

Әділдікті қолдайтын баға беріп,

Жібереік әділқазыларды таныстырып.

Бүгінгі сайыстың әділ бағасын беріп, сайыстың жеңімпазын анықтайтын әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар!

1 Доспанова Гүлназ апай

2 Орынбаева Мира апай

3 Ишанбаева Жанат апай

Жүргізуші: Өнер қуып арулар өтер дейміз,
Бір басына өнері жетер дейміз,
Сайысқа түскен қыздар кезектесіп,
Өздерін таныстырып өтер дейміз.

Сайысымыздың алғашқы бөлімі «Таныстыруға» кезек берейік.

1-Мейірімді Кәусар «Балдырған» аралас тобының тәрбиеленушісі

2-Ақылды Аяла «Балауса» ересек тобының тәрбиеленушісі

3-Сымбатты Асылым «Балдырған» аралас тобының тәрбиеленушісі

4-Көрікті Медина «Балауса» ересек тобының тәрбиеленушісі

5-Сүйкімді Аяла «Балдырған» аралас тобының тәрбиеленушісі

6-Шұғылалы Рауана «Балауса» ересек тобының тәрбиеленушісі

Жүргізуші: -Сайысымыздың 1-шарты бойынша қазылар алқасынан аруларымыздың бағасын сұраймыз. Айта кетейін, ең жоғарғы ұпай 5 ұпай.

Жүргізуші: Қазақ жұрты киелі

Өнерліні сүйеді

Сіздерді күтіп отыр сонша қауым,

Би билеп, ән салып бер енді.

Ендігі кезекте « Өнерлі өрге жүзер» Бұл бөлімде аруларымыз өз өнерлерін көрсетеді.(ән айту, би билеу, ертегіден үзінді т. б. өнерлерін көрсетуге болады.)

Сахнада биші емес құс сияқты,

Елестейді бір көрген түс сияқты.

Әжесінің ұршығындай иірілгенде,

Жер шарын айналдырған күн сияқты.

Кәусар қызымыздың орындауында «Қамажай» биін қарсы алыңыздар.

Тақпақты да жаттаймын

Би билеп, ән де айтамын

Ата - ананың үмітін

Ақ сеніммен ақтаймын

Алдарыңызда Аяла қызымыз «Ақ қоян» әнімен

Ал,халайық тұрмайық,

Ортамызды ашайық.

Думандатып би билеп,

Берсін бізге бұралып!

Асылым қызымыздың орындауында «Қамажай» биін қарсы алыңыздар.

Оянды бар табиғат ұйқысынан,

Жадырап құтылғандай қыс қамынан.

Көктемді шуға бқлөп,өнге бөлеп,

Тыңдаймыз қарлығаштың сырлы әнін.

Ән салғызып, билетіп,

Ылғи бізбен жүреді,
Тақпақты да үйретіп.
Ойнатады, күледі.

Ортада Медина

Жарыс десе жайнаған
Намысында қайраған
Тоты құстай құлпырып
Сандуғаштай сайраған -
Аяла қызымызды «Ана» өнімен қарсы алыңыздар.

Өзі жап жас болса да
Таудай үлкен талабы
Биін оның көріңіздер
Көріп баға беріңіздер

Рауана қызымыздың орындауында «Әжемнің шөйі»
Қазылар алқасынан 2 бөлімнің бағасын сұраймыз.

Жүргізуші: «Шебер қолдар» өндігі кезекте қыздарымыздың шеберлігін сынайтын кез келді. Бұл бөлімде қыздарымыз екі топқа бөлініп екі түрлі тапсырмаларды орындайтын болады. Бірінші топтың қыздары құрт жасауды ал екінші топтың қыздары киіз басуда шеберліктерін сынайтын болады.

Жүргізуші:Талаптыға нұр жауар «қолөнер»

Сымбатыңа сән киім жарасатын

Аспандағы айменен таласатын

Өнеріне сәні сай келіп тұрған

Аруларға қызығып қарасатын

Бұл бөлімде аруларымыз үйден дайындап алып келген бұйымдарын қазылар алқасына тапсырады.

Қазылар алқасынан 4 бөлімнің бағасын сұраймыз.

Жүргізуші:

Дәм - думан». Бұл бөлімде дайындап алып келген тағамды қалай жасағанын айтып қорғау

Қазылар алқасынан 5 бөлімнің бағасын сұраймыз.

Жүргізуші:«Қыздарға әсемдік жарасады» Сән үлгісін көрсету.

Ал халайық ықыласпен демейік

Арулардың сән үлгісін көрейік

Сыры менен сымбатына қарап біз

Әділдікпен бағаларын берейік

Қазақ қызы-тамсандырған талайды

Тоғжан болып ғашық қылған Абайды

Қазақ қызы күлкісі күн, тілі бал
Ай секілді асқақ ару арайлы-деп сән үлгісін көрсеруге аруларымызды шақырамыз.
Сәнді киіміне қарай бағалау

Қазылар алқасынан 6 бөлімнің бағасын сұраймыз.

Хор: «Ана» қыздардың орындауында

Жүргізуші: Шын жүйрік сыналатын кезең келді,

Көрдiңдер тамашалап сайысты ендi.

Әділқазы ойы терең, ақылы кең,

Саралап, әділ баға берсін енді, - дей келе сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз!

Жеңімпаздарды марапаттау.

Жүргізуші:

Би билеп ән мен күйде аяқталды

Уақытта біраз жерге таяп қалды

Көктеммен қоса келген

Ару қыздар, қыз сыны осымен аяқталды.

Құттықтау сөз кезегін ата – аналарға ұсыну.

